№ исх: 07-0-14/222 от: 02.11.2026

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

010000, Астана қаласы,
Мәңгілік Ел даңғылы, 64, тел.: + 7 (7172) 77-55-77,
E-mail: hq@nationalbank.kz

НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, город Астана,
проспект Мәңгілік Ел, 64, тел.: + 7 (7172) 77-55-77,
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ 07-0-14/_____
от ___.11.2026 ж.

Қазақстан Республикасының Құрылтайы

2026 жылғы 2 қазандағы ДЗ-54 депутаттық сауалға

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз құзыреті шеңберінде Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаты Т.М. Савельеваның 2026 жылғы 2 қазандағы ДЗ-54 депутаттық сауалын қарастырып, келесіні хабарлайды.

Экономиканың банктік кредит беруін кеңейту Ұлттық Банктің назарында тұрған басым мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп, банк жүйесіндегі өтімділікті экономиканың дамуына тарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде және экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған фискалдық және реттеушілік сипаттағы шаралар кешені іске асырылуда.

1. Банк жүйесінің қаражатын ұзақ мерзімді кредит беруге жеткіліксіз бағыттау себептері және мемлекеттік құралдардың салыстырмалы тартымдылығы туралы мәселе бойынша.

Кредит беру динамикасы туралы деректер банктердің нақты секторды қаржыландыруды жалғастырып жатқанын көрсетеді. 2026 жылғы тамыз айының қорытындысы бойынша бизнеске берілген кредиттер портфелі жылдық мәнде 14,2%-ға ұлғайып, 16,4 трлн теңгеге жетті. Ең жоғары өсу қарқыны шағын және орта бизнес сегменттерінде байқалды (жылдық мәнде тиісінше 24,8% және 15,4%). Бір жылдан астам мерзімге берілген ұзақ мерзімді кредиттер қысқа мерзімді кредиттерге қарағанда жоғары қарқынмен өсуде (15,2% және 12,1%), ал олардың бизнестің кредиттік портфеліндегі үлесі 70,7%-ды құрайды. Кредиттеудің өсуі жаңадан берілген кредиттер көлемінің өсуімен де расталады. 2026 жылғы тамызда соңғы 12 ай ішінде бизнеске берілген кредиттер көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда

02.11.2026 Копия электронного документа.

18,9%-ға ұлғайды. Бұл ретте кредит беру көлемінің өсуі ірі, орта және шағын бизнес сегменттерінің барлығында байқалды.

Мұндай серпінге қабылданған бірқатар салықтық және реттеушілік шаралар ықпал етуде. Салық салу саласында банктердің мемлекеттік бағалы қағаздарға (бұдан әрі – МБҚ) және Ұлттық Банктің ноттарына инвестиция салу тартымдылығы төмендетілді. 2024 жылғы наурыздан бастап банктердің Ұлттық Банк ноттары бойынша кірістеріне салық салынады. 2026 жылдан бастап Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша кірістерінің 50%-ына, ал 2031 жылдан бастап мұндай кірістерге толық көлемде салық салынатын болады. 2025 жылы МБҚ-мен және ақша нарығындағы операциялардан алынған кірістерге қосымша 10% мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынды. 2026 жылдан бастап банктер үшін бизнесті кредиттеуден түсетін кірістерге корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 20%, ал қызметтің өзге түрлерінен түсетін кірістерге 25% деңгейінде белгіленді.

Ұлттық Банк ең төменгі резервтік талаптар тетігін жетілдірді. Нормативтердің жоғарылауы банктер бұрын Ұлттық Банктің құралдарына орналастырған артық өтімділіктің бір бөлігін резервтеуге бағыттайды. Бұл ретте экономиканы кредиттеу көлемін ұлғайтып отырған банктер үшін нормативтер екі кезеңнің орнына үш кезеңмен, яғни неғұрлым баяу қарқынмен арттырылды. Бұдан бөлек, Ұлттық Банк жеке тұлғаларға берілген қарыздар бойынша 2% мөлшерінде секторалдық контрциклдік капитал буферін енгізді. Бұл капиталға түсетін жүктеме тұрғысынан бизнесті кредиттеуді салыстырмалы түрде тиімдірек етеді. Жалпы алғанда, аталған шаралар банктердің ынталандыру тетіктерін МБҚ мен Ұлттық Банктің ноттарына инвестиция салудан экономиканың нақты секторын кредиттеуге қарай қайта бағдарлауға ықпал етеді.

Банк секторының активтер құрылымы да біртіндеп кредиттік активтерге қарай өзгеруде. Қаржы министрлігінің теңгедегі МБҚ портфелі банктердің жиынтық активтеріндегі үлесі 2025 жылдың басындағы 10,6%-дан 2025 жылдың соңында 7,6%-ға дейін төмендеді, ал осы кезеңде кредит қоржынының үлесі 53,8%-дан 56,1%-ға дейін өсті. МБҚ ұстаушылардың құрылымында да ұқсас динамика байқалуда. Екінші деңгейдегі банктердің айналыстағы МБҚ жалпы көлеміндегі үлесі 2025 жылдың басындағы 29,5%-дан 2026 жылдың қыркүйек айының соңына қарай 21,4%-ға дейін төмендеді. Банктер МБҚ аукциондарына белсенді қатысуын жалғастырды, алайда олардың бастапқы нарықта сатып алған бағалы қағаздарының едәуір бөлігі кейіннен қайталама нарықта инвесторлардың басқа санаттарына қайта бөлінді, ал бұрын сатып алынған шығарылымдардың өтелуі жаңа сатып алулар есебінен толық көлемде өтелмеді. Банктермен қатар, МБҚ нарығында

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ), бейрезиденттер және басқа да институционалдық инвесторлар белсенді қатысуда. Осылайша, МБҚ орналастыру көлемінің өсуі банктердің баланстарындағы МБҚ-ның салыстырмалы өсуімен қатар жүрмеді, ал банктердің кредиттік белсенділігі сақталды.

2026 жылы МБҚ кірістілігі қаржы құралдарының мерзімділігі мен түріне қарай ерекшеленді және нарықтық жағдайларға сәйкес өзгеріп отырды. Сыйақы мөлшерлемесі белгіленген МБҚ-ның орташа алынған кірістілігі бір жылға дейінгі мерзімдегі шығарылымдар бойынша шамамен 16,5%-ды, бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімдегі шығарылымдар бойынша 15,7%-ды және неғұрлым ұзақ мерзімді шығарылымдар бойынша 14,8%-ды құрады. Бұл ретте жыл басынан бері МБҚ кірістілігінің біртіндеп төмендеуі байқалады.

Қаражатты орналастыру бағыттарын таңдау кезінде банктер қаржы құралдарының кірістілігіне ғана емес, сонымен қатар қарыз алушылардың кредиттік тәуекел деңгейін, өз тәуекел-аппетитін, қорландырудың құны мен мерзімдерін, капитал мен өтімділікке қойылатын талаптарды, сондай-ақ кредит ресурстарына сапалы сұраныстың бар болуын ескереді. МБҚ кірістілігі банктердің активтер құрылымын қалыптастыру кезінде ескерілетін факторлардың бірі ғана. Қаражатты орналастыру бағыттарын банктер бекітілген стратегия шеңберінде өз бизнес-моделі, қолда бар құзыреттері және тәуекелдерді бағалау негізінде дербес айқындайды.

Бизнесті және инвестициялық жобаларды, әсіресе оларды іске асырудың бастапқы кезеңдерінде кредиттеу мүмкіндіктері жобалардың өзін-өзі ақтау мерзімдерінің ұзақтығымен, болашақ ақша ағындарының белгісіздігімен, жеткілікті қаржылық тарихтың болмауымен, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге расталған сұраныстың жоқтығымен, жекелеген салалық жобаларды бағалаудың күрделілігімен, сондай-ақ меншікті қаржыландыру көлемінің жеткіліксіздігімен және кепілмен қамтамасыз етудің болмауымен шектеледі. Ірі инвестициялық жобалар үшін қажетті қаржыландыру көлемінің едәуір үлкен болуы қосымша шектеу болуы мүмкін, өйткені белгіленген шоғырлану лимиттері мен қабылданатын кредиттік тәуекелді ескере отырып, мұндай қаржыландыруды бір банк әрдайым толық көлемде қамтамасыз ете алмайды.

Ұлттық Банктің өтімділікті алу жөніндегі операцияларына келетін болсақ, құрылымдық өтімділік профициті жағдайында Ұлттық Банк ақша нарығының қысқа мерзімді мөлшерлемелерін базалық мөлшерлемеге жақын деңгейде ұстап тұру мақсатында банктердің уақытша бос қаражатын алады. Бұл операциялар ақша-кредит саясатын іске асыру тетігінің құрамдас бөлігі болып табылады және қысқа мерзімді сипатқа ие. Өтімділіктің профициті

немесе тапшылығы банктердің кредиттік белсенділігін тікелей айқындамайды, ал уақытша бос өтімділікті алудың өзі бизнесті кредиттеуге кедергі келтірмейді. Бизнесті кредиттеу көлемі сұранысқа, қарыз алушылардың кредит қабілеттілігіне, тәуекелдерді бағалауға және жобалардың кірістілігіне байланысты айқындалады. Бұл ретте Ұлттық Банктің құралдарын белсенді пайдаланатын банктер көбінесе кредиттеу көлемі бойынша да көшбасшы болып табылады.

Бизнесті кредиттеу құны базалық мөлшерлеменің деңгейін, макроэкономикалық жағдайларды, инфляцияны, банктер тартатын ресурстардың құны мен мерзімдерін, кредиттік тәуекелдерді, операциялық шығыстарды және банктік маржаны қоса алғанда, бірқатар факторлардың ықпалымен қалыптасады. Банктер сондай-ақ кредиттерге сұранысты, кредиттік өнімнің параметрлерін (сомасы, мерзімі, кредиттеудің түрі мен мақсаты), қамтамасыз етудің болуы мен сапасын, қарыз алушының кредиттік тарихы мен төлем қабілеттілігін ескереді. Осылайша, кредиттеу құны тек базалық мөлшерлеменің деңгейіне ғана байланысты емес, ал қаржыландырудың түпкілікті шарттарын банктер ресурстардың құны мен тәуекелдерді бағалау нәтижелерін ескере отырып белгілейді.

Сонымен қатар базалық мөлшерлеменің төмендеуі бизнесті кредиттеу құнының төмендеуіне ықпал етеді. 2026 жылдың мамырынан тамызына дейін ірі бизнеске кредиттер бойынша орташа сараланған мөлшерлемелер 20,0%-дан 18,8%-ға дейін, орта бизнеске – 19,9%-дан 19,0%-ға дейін, шағын бизнеске – 24,5%-дан 23,8%-ға дейін төмендеді. Бұл динамика базалық мөлшерлемедегі өзгерістердің кредиттік мөлшерлемелерге берілуімен сәйкес келеді, алайда олардың төмендеуінің ауқымы сегменттер мен қарыз алушылардың ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі болады.

2. Мемлекеттік борыштарға қызмет көрсетуге, кредит беруді қолдауға және соған байланысты тәуекелдерге жұмсалатын шығындары туралы мәселе бойынша.

Мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуге және мемлекеттік кәсіпкерлікті қолдау шараларын жүзеге асыруға жұмсалатын шығындарды есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатады.

Сонымен бірге, қабылданып жатқан шаралар мемлекеттік кәсіпкерлікті қолдау шараларын жүзеге асыру кезінде бюджет қаражатын тиімдірек пайдалануға бағытталған. Осы мақсатта кредит беру аймақтары екінші деңгейдегі банктер мен «Бәйтерек» холдингі арасында бөлінді. Холдинг және оның еншілес ұйымдары стратегиялық, ірі және жүйелі маңызды жобаларды 15 млрд теңгеден бастап қаржыландырады, ал банктер – шағын және орта жобаларды, сондай-ақ айналым капиталын қаржыландырады.

Мемлекет үшін туындайтын тәуекелдерге қатысты, банктің кредиттік тәуекелін ішінара жабатын кепілдік тетіктері кредит беруді кеңейтуге ықпал етеді, алайда оларды қолдану мемлекет, даму институттары, банктер және қарыз алушылар арасында тәуекелдердің ашық бөлінуі негізінде жүзеге асырылуы тиіс, сонымен қатар кредит беру қабілетін бағалау бойынша тиісті талаптар сақталуы қажет.

3. Мемлекеттік саясат пен заңнамадағы қажетті өзгерістер туралы мәселе бойынша.

Экономиканы дамытуға банктік өтімділікті тарту мақсатында фискалдық және реттеуіш сипаттағы бірқатар шаралар жүзеге асырылды. МБҚ бойынша кіріске салық салу енгізілді, ең төменгі резервтік талаптар мен секторлық контрциклдық капитал буферінің тетіктері жетілдірілді, шағын және орта бизнес үшін және ірі бизнес үшін екі кепілдік қор құрылды. Қабылданған шаралар банктік сектордың экономиканы қаржыландырудағы рөлін күшейтуді және бизнес субъектілері үшін кредиттік ресурстардың қолжетімділігін арттыруды қамтамасыз етті.

Ұзақ мерзімді кредиттеуді одан әрі кеңейтуге олардың адрестік қолданылуы кезінде кепілдік тетіктерін дамыту, ал қаржыландырылуын бір банк әрдайым толық көлемде қамтамасыз ете алмайтын ірі инвестициялық жобалар үшін синдикатталған кредиттеу және бірлесіп қаржыландыру құралдарын одан әрі дамыту мен қолдану ықпал ететін болады. Бұдан басқа, өтімділік пен капиталдың жеткілікті қоры және тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі болған жағдайда, банктердің тиісті ұзақ мерзімді ресурстық базасын қалыптастыру қажет.

Осылайша, кредиттеуді дамыту банктік жүйеде өтімді ресурстардың болуын ғана емес, сонымен қатар инвестициялық жобалардың сапасын арттыруды, қарыз алушылардың қаржылық тұрақтылығын, тәуекелдерді бөлу тетіктерін дамытуды және банктердің ұзақ мерзімді ресурстық базасын қалыптастыруды талап етеді.

Төрағасы **Т. Сүлейменов**

Орындаушы.: Алуа Махметова
Тел.: +7(7172) 77 53 74
alua.,makhmetova@nationalbank.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы,
Мәңгілік Ел даңғылы, 64, тел.: + 7 (7172) 77-55-77,
E-mail: hq@nationalbank.kz

010000, город Астана,
проспект Мәңгілік Ел, 64, тел.: + 7 (7172) 77-55-77,
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ 07-0-14/_____
от ___.11.2026 ж.

Курултай
Республики Казахстан

На депутатский запрос ДЗ-54 от 02.10.2026

Национальный Банк Республики Казахстан, рассмотрев в рамках своей компетенции депутатский запрос депутата Курултая Республики Казахстан Савельевой Т.М. ДЗ-54 от 02.10.2026, сообщает следующее.

Расширение банковского кредитования экономики является одним из приоритетных вопросов, который находится в фокусе внимания Национального Банка. Совместно с Агентством Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка и Правительством Республики Казахстан проводится системная работа по вовлечению банковской ликвидности в развитие экономики и реализуется комплекс мер фискального и регуляторного характера, направленных на обеспечение устойчивого развития экономики.

1. По вопросу о причинах недостаточного направления средств банковской системы на долгосрочное кредитование бизнеса и о сравнительной привлекательности государственных инструментов.

Данные о динамике кредитования свидетельствуют о том, что банки продолжают наращивать финансирование реального сектора экономики. По итогам августа 2026 года кредитный портфель бизнеса увеличился на 14,2% в годовом выражении и достиг 16,4 трлн теңге. Наиболее высокие темпы роста отмечены в сегментах малого и среднего бизнеса (24,8% и 15,4% в годовом выражении соответственно). Долгосрочные кредиты сроком более одного года растут быстрее краткосрочных (15,2% против 12,1%), и их доля в кредитном портфеле бизнеса составляет 70,7%. Расширение кредитования подтверждается и ростом новых выдач. В августе 2026 года объем кредитов,

02.11.2026 Копия электронного документа.

выданных бизнесу за последние 12 месяцев, увеличился на 18,9% по сравнению с аналогичным периодом годом ранее, причем рост выдач наблюдается во всех сегментах – крупном, среднем и малом бизнесе.

Такой динамике способствует ряд принятых налоговых и регуляторных мер. В налоговой сфере снижена привлекательность вложений банков в государственных ценных бумаг (далее – ГЦБ) и ноты Национального Банка. С марта 2024 года облагаются налогом доходы банков по нотам Национального Банка, с 2026 года – 50% доходов по ГЦБ Министерства финансов, а с 2031 года такие доходы будут облагаться налогом в полном объеме. Доходы, полученные в 2025 году по операциям с ГЦБ и на денежном рынке, дополнительно облагались корпоративным подоходным налогом по ставке 10%. С 2026 года ставка корпоративного подоходного налога для банков по доходам от кредитования бизнеса составляет 20%, по остальным видам деятельности – 25%.

Национальный Банк усовершенствовал механизм минимальных резервных требований. Повышение нормативов связывает часть избыточной ликвидности, которую банки размещали в инструментах Национального Банка, а для банков, наращивающих кредитование экономики, нормативы повышаются медленнее – в три этапа вместо двух. Кроме того, Национальный Банк ввел секторальный контрциклический буфер капитала в размере 2% по займам физическим лицам, что делает кредитование бизнеса относительно более выгодным с точки зрения нагрузки на капитал. В совокупности эти меры смещают стимулы банков от вложений в ГЦБ и ноты Национального Банка к кредитованию экономики.

Структура активов банковского сектора также постепенно меняется в сторону кредитных активов. Доля портфеля ГЦБ Министерства финансов в тенге в совокупных активах банков снизилась с 10,6% на начало 2025 года до 7,6% на конец 2025 года, тогда как доля кредитного портфеля за этот период увеличилась с 53,8% до 56,1%. Аналогичная динамика наблюдается в структуре держателей ГЦБ. Доля банков второго уровня в общем объеме ГЦБ в обращении снизилась с 29,5% на начало 2025 года до 21,4% на конец сентября 2026 года. Банки продолжали активно участвовать в аукционах ГЦБ, однако значительная часть приобретенных ими на первичном рынке бумаг впоследствии перераспределялась на вторичном рынке в пользу других категорий инвесторов, а погашение ранее приобретенных выпусков не в полной мере компенсировалось новыми приобретениями. Наряду с банками активное участие на рынке ГЦБ принимают нерезиденты и другие институциональные инвесторы. Таким образом, рост объемов размещения

ГЦБ не сопровождался сопоставимым ростом ГЦБ на балансах банков, а кредитная активность банков сохранялась.

Доходность ГЦБ в 2026 году различалась в зависимости от срочности и типа инструмента и изменялась вслед за рыночными условиями. Средневзвешенная доходность ГЦБ с фиксированной ставкой вознаграждения составляла около 16,5% по выпускам со сроком до одного года, 15,7% со сроком от одного до пяти лет и 14,8% по более долгосрочным выпускам. При этом с начала года наблюдается последовательное снижение доходностей ГЦБ.

При выборе направлений размещения средств банки учитывают не только доходность финансовых инструментов, но и уровень кредитного риска заемщиков, собственный риск-аппетит, стоимость и срочность фондирования, требования к капиталу и ликвидности, а также наличие качественного спроса на кредитные ресурсы. Доходность ГЦБ является лишь одним из факторов, учитываемых при формировании структуры активов. Направления размещения средств банки определяют самостоятельно в рамках утвержденной стратегии с учетом своей бизнес-модели, имеющихся компетенций и оценки рисков.

Возможности кредитования бизнеса и инвестиционных проектов, особенно на начальных этапах их реализации, ограничиваются длительными сроками окупаемости, неопределенностью будущих денежных потоков, недостаточной финансовой историей, отсутствием подтвержденного спроса на товары и услуги, сложностью оценки отдельных отраслевых проектов, а также недостаточным объемом собственного финансирования и отсутствием залогового обеспечения. Для крупных инвестиционных проектов отдельным ограничением может выступать значительный объем требуемого финансирования, который не всегда может быть предоставлен одним банком с учетом установленных лимитов концентрации и принимаемого кредитного риска.

Что касается операций Национального Банка по изъятию ликвидности, в условиях структурного профицита ликвидности Национальный Банк изымает временно свободные средства банков для поддержания краткосрочных ставок денежного рынка вблизи базовой ставки. Эти операции являются частью механизма реализации денежно-кредитной политики и имеют краткосрочный характер. Профицит или дефицит ликвидности напрямую не определяет кредитную активность банков, а само по себе изъятие временно свободной ликвидности не препятствует кредитованию бизнеса, объем которого определяется спросом, кредитоспособностью заемщиков, оценкой рисков и доходностью проектов. При этом банки, активно

использующие инструменты Национального Банка, часто являются лидерами в кредитовании.

Стоимость кредитования бизнеса формируется под влиянием совокупности факторов, включая уровень базовой ставки, макроэкономическую среду, инфляцию, стоимость и срочность привлекаемых банками ресурсов, кредитные риски, операционные расходы и банковскую маржу. Банки также учитывают спрос на кредиты, параметры кредитного продукта (сумму, срок, вид и цель кредитования), наличие и качество обеспечения, кредитную историю и платежеспособность заемщика. Таким образом, стоимость кредитования не определяется исключительно уровнем базовой ставки, и конечные условия финансирования устанавливаются банками с учетом стоимости ресурсов и оценки рисков.

Вместе с тем снижение базовой ставки способствует снижению стоимости кредитования бизнеса. С мая по август 2026 года средневзвешенные ставки по кредитам крупному бизнесу снизились с 20,0% до 18,8%, среднему – с 19,9% до 19,0%, малому – с 24,5% до 23,8%. Эта динамика согласуется с передачей изменений базовой ставки в кредитные ставки, при этом масштабы их снижения различаются в зависимости от особенностей сегментов и заемщиков.

2. По вопросу о затратах государства на обслуживание заимствований, поддержку кредитования и связанных рисках.

Расчеты расходов на обслуживание государственного долга и на реализацию мер государственной поддержки кредитования относятся к компетенции Правительства Республики Казахстан.

Вместе с тем, принимаемые меры направлены на более эффективное использование бюджетных средств при реализации мер государственной поддержки предпринимательства. В этих целях разграничены зоны кредитования между банками второго уровня и холдингом «Байтерек». Холдинг и его дочерние организации финансируют стратегические, крупные и системно значимые проекты от 15 млрд теңге, а банки – мелкие и средние проекты, а также оборотный капитал.

В части рисков для государства отмечаем, что гарантийные механизмы, частично покрывающие кредитный риск банка, способствуют расширению кредитования, однако их применение должно осуществляться адресно на основе прозрачного распределения рисков между государством, институтами развития, банками и заемщиками при сохранении надлежащих требований к оценке кредитоспособности.

3. По вопросу о необходимых изменениях в государственной политике и законодательстве.

В целях вовлечения банковской ликвидности в развитие экономики уже реализован ряд мер фискального и регуляторного характера. Введено налогообложение доходов по ГЦБ, усовершенствованы механизмы минимальных резервных требований и секторального контрциклического буфера капитала, созданы два гарантийных фонда – для малого и среднего бизнеса и для крупного бизнеса. Принятые меры обеспечили усиление роли банковского сектора в финансировании экономики и повышение доступности кредитных ресурсов для субъектов бизнеса.

Дальнейшему расширению долгосрочного кредитования будет способствовать развитие гарантийных механизмов при их адресном применении, а для крупных инвестиционных проектов, финансирование которых не всегда может быть предоставлено одним банком, – дальнейшее развитие и применение инструментов синдицированного кредитования и софинансирования. Кроме того, требуется формирование соответствующей долгосрочной ресурсной базы банков при достаточном запасе ликвидности и капитала и эффективной системе управления рисками.

Таким образом, развитие кредитования требует не только наличия ликвидных ресурсов в банковской системе, но и повышения качества инвестиционных проектов, финансовой устойчивости заемщиков, развития механизмов распределения рисков и формирования долгосрочной ресурсной базы банков.

Председатель **Т. Сулейменов**

Исп.: Алуа Махметова
Тел.: +7(7172) 77 53 74
alua.makhmetova@nationalbank.kz